

9. *Конабаева А.О.* Конституционно-правовой статус маслихатов. — Алматы: Жеты Жарғы, 2000. — 65 с.
10. Областной бюджет на 2010–2012 г. // Зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за № 1874, опубликовано в газетах «Орталық Қазақстан» от 29 декабря 2009 года № 198–199(20783), «Индустриальная Караганда» от 29 декабря 2009 года № 154–155 (20861–20862).
11. Зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за № 1880, опубликовано в газетах «Орталық Қазақстан» от 5 июня 2010 года № 86–87(20871), «Индустриальная Караганда» от 5 июня 2010 года № 62 (20925).
12. *Амандыкова С.К.* Конституционное право Республики Казахстан: Учеб. пособие. — Караганда, 2006. — 192 с.

ӘОЖ 369. 542

Қазақстан және шет елдердегі зейнетақы жүйелердің азаматтардың әлеуметтік құқықтарын мен бостандықтарын қамтамасыз ететін элемент ретіндегі сипаты

Нұрсалиева Г.Ж.¹, Базарова Г.С.²

¹*У.А.Жолдасбеков атындағы Экономика және құқық академиясы, Талдықорған;*
²*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті*

В статье рассматриваются актуальные вопросы закрепления социальных прав, и в частности права на пенсионное обеспечение, в конституционном законодательстве Казахстана и зарубежных стран. Сделан анализ эволюции развития конституционных норм, регулирующих социальные отношения, показана особенность развития данных конституционных норм в различных политических и экономических системах. Изучаются вопросы функционирования пенсионных систем РК и зарубежных стран как основного механизма, обеспечивающего социальные права граждан, в рамках проводимых конституционных реформ.

Article provides actual issues of fastening of the social rights, in particular, the right of providing pensions in constitutional legislation of Kazakhstan and foreign countries. There was made the analysis of evolution of the development of constitutional norms which regulate social relations and feature of their development in various political and economic systems. The question of functioning of pension systems as a basic element of citizens providing the social right is also considered in the article. The especial attention is given to functioning of pension systems of the RK and foreign countries within the framework of constitutional reforms.

Қазақстан Республикасының Конституциясында Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады деп бекіткен [1]. Мемлекеттің қызметі мен мәнін түсіну адам және азаматтың құқықтарын тану мен оны қамтамасыз етуде көрініс табады, сондықтан да Қазақстан Республикасының Конституциясы адам және азаматтардың өмірін, құқықтары мен бостандықтарын ең қымбат қазынасы ретінде танып, мүдделердің келісімділік негізінде қоғамның ынтымақтастығы мен нығаюын бекітеді [2]. Қазақстан Республикасының әлеуметтік мемлекет ретіндегі сипаты әлеуметтік қамсыздандыру саласында Конституциямен кепілденген мемлекеттің жан-жақты қолдауының болуын білдіреді. Осы салалардың дамуын мемлекеттің адам мен қоғамға қызмет етуін және де игіліктерді тең үлестіру арқылы әлеуметтік теңдіктің қалыптастыруын білдіреді.

Бірақ та ұзақ уақыт аралығында елімізде конституцияда бекітілген және жарияланған әлеуметтік құқықтарға қарамастан, әлеуметтік саясаттың негізгі бағыттары халық мүддесін емес, тек белгілі бір тап мүддесінің мақсатында жүзеге асырылып отырылды. Әлеуметтік саясаттың игіліктерді тең бөлуіне байланысты адамның қоғамдағы рөлі төмендетілді. Әлеуметтік мемлекеттің негізгі белгілеріне әлеуметтік құқықтарды конституциялық деңгейде бекітіп, оның жүзеге асырылуын және қорғалуын қамтамасыз ету саясатын жүргізу болып саналады. Әлеуметтік мемлекеттілік идеясын қолдану — қазіргі заман конституциялық құқығында жиі кездестіріні құбылыс. Әлеуметтік мемлекеттілік идеясының қайнар көзі тамырын тереңнен тартады, бірақ оның ғылыми негіздегі тұжырымы тек XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың орта кездерінде өз көрінісін тапты. Осы идеяны қалаушылар қатарына неміс философы, мемлекеттанушы Лоренц фон Штейн болатын (1815–1890).

Ол «мемлекет әрқайсысының экономикалық және қоғамдық дамуын қамтамасыз ету керек, өйткені қоғамның бір мүшесінің дамуы екінші мүшесінің дамуына ықпал етеді және тек осындай жағдайда ғана біз қоғамдық немесе әлеуметтік мемлекет туралы айта аламыз» деген. Либералдық және радикалдық саяси-философиялық ағымдардың әлеуметтік мемлекеттілік идеясын қолдап, одан әрі дамытуына әсер етеді [3; 46–59]. Осы идеяларды негізге алып, XX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында Германияда төменгі тап өкілдерінің әлеуметтік мүдделерін қорғайтын заңдар қабылданған болатын. Бұл жағдай жаңа заман Конституцияларына әлеуметтік құқықтарды енгізуге себеп болды.

Қазіргі уақытта әлеуметтік құқықтардың адам құқықтар жүйесінде алатын орнына байланысты нақты көзқарас қалыптаспаған, сондықтан осы мәселе конституциялық құқық ғылымындағы даулы мәселелер қатарына жатады. Әлеуметтік-экономикалық құқықтар азаматтық құқықтар мен саяси құқықтардан өзіне тән айрықша белгілермен ерекшеленеді. Әлеуметтік-экономикалық құқықтардың жүзеге асырылуы мемлекеттегі саясаттың тұрақтылығына байланысты деген көзқарастар қалыптасқан. Қазіргі заман табиғи құқықтық немесе либералдық доктрина әлеуметтік құқықтардың заңдылық сипатының болуын жоққа шығарып отыр, бұл жағдайды олар осы топтағы құқықтарды жалған сипаттағы және жүзеге асырылуы саяси және жеке құқықтардың жүзеге асырылуына шек келтіретінімен негіздейді.

Мемлекетімізде 1998 жылдан бастап жүргізілген зейнетақы жүйесіндегі қайта құрулар адам және азаматтардың әлеуметтік құқықтары, оның ішінде зейнетақымен және зейнетақымен қамсыздандыру жүйесіне елеулі өзгерістер алып келді. Зейнетақы жүйесіндегі қайта құрулар Қазақстан Республикасының азаматтарының әлеуметтік қамсыздандыру құқықтарының мәні мен мағынасының өзгеруіне және соған байланысты әлеуметтік мемлекет туралы көзқарастар мен әлеуметтік құқықтардың сипаты өзгерді. Зейнетақымен қамсыздандыру жүйесінің негізіне әр тұлғаның жеке-жинақтау принципі арқылы зейнетақыны қалыптастыру тәртібі салынды.

Осыған байланысты Қазақстан Республикасындағы адам және азаматтың әлеуметтік құқықтарының адам және азаматтың конституциялық мәртебесінің құрамдас элементі ретінде және конституциялық құқықтар мен бостандықтар жүйесіндегі алатын орнын анықтау өзекті мәселелер қатарына жатады. Құқықтар мен бостандықтарды, оның ішінде әлеуметтік құқықтарды жүзеге асыруда олардың қолдану саласы мен олардың мазмұнындағы адамның еріктілігі деңгейі көкейкесті болып табылады. Өкінішке орай, мемлекетке бағытталған конституциялық нормалар оның әлеуметтік саладағы қызметін жалпылама түрде ғана сипаттайды. Адам және азамат алдындағы мемлекеттің тікелей және нақты міндеті анықталмаған. Ал мемлекеттің адам және азаматтың әлеуметтік құқықтарының халықаралық-құқықтық стандарттарға сай келуі, олардың экономикалық-құқықтық кепілдендірілуі, сот арқылы қорғалу мүмкіндігі құқықтық, әлеуметтік мемлекеттің негізгі бастауы болуы қажет.

Адам құқықтары халықаралық қауымдастықтың ең қымбат қазынасы болып табылады. Олардың танылуы мен қорғалуы әр мемлекеттің негізгі міндеттері болып танылады. Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес Қазақстан өзін әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады. Сондықтан республиканың алдында әлеуметтік мемлекеттің қызметтерін орындау мақсаты алдыңғы орынға шықты.

Қазақстанның нарықты экономикаға көшуі қоғамда көптеген проблемалардың пайда болуына себеп болды. Осындай мәселенің бірі — нарықты экономика заңдарының адамның әлеуметтік қамсыздандыруын қамтамасыз етуі мен оның әлеуметтік, экономикалық құқықтарының қорғалуының сәйкес келмеуі.

Алғашқы социалистік қоғам адам құқықтары мен бостандықтарын жариялай отырып, олардың орындалуын бәрін теңдестіру қағидасына сәйкес қамтамасыз етуге тырысты. Әкімшілік басқару жүйесі адамды тәуелсіздіктен айырып, олардың экономика аумағында еркін әрекет ету мүмкіндіктерінен айырды. Бірақ бұл жүйе әрбір адамның еңбекпен қамтамасыз етілуіне кепілдік берді. Білім беру медициналық қызметтің ақысыз болуын, мектепке дейінгі балалар тәрбиесін т.б. әлеуметтік құндылықтармен қамтамасыз етті. Сондықтан да нарықтық экономикаға көше бастағанда Қазақстан мен басқа да ТМД елдерінің азаматтары осы кішігірім шектелген әлеуметтік құндылықтардың жоқтығын сезіне бастады. Мемлекеттің көптеген азаматтарының қызметі нарықты экономиканың қойған талаптарына сәйкес келмеді және оған ілесе алмады. Сондықтан да Қазақстан Республикасының жаңа сипатта дамуының алғашқы кезеңдерінде қоғамда жоқшылықтың ең төменгі шегінде тұратын адамдар қатары көбейді.

Әлеуметтік мемлекет идеясын қолдану — кең таралған құбылыс. Басқа философиялық, саяси ағымдардың өкілдері де жоғарыда айтылған Лоренц фон Штейннің идеясын қолдады. Бұл идеяның ықпалымен XIX ғасырдың екінші жартысында және XX ғасырдың бірінші жартысында Германияда төменгі таптардың әлеуметтік мүдделерін қорғайтын заңдар қабылданып, осыған сәйкес ережелерді Конституцияға енгізуге дайындық жасалынды.

Әлеуметтік мемлекет концепцияларын қалыптастырушылардың ықпалымен оның әр түрлі варианттары пайда болды. А.Н.Медушевскийдің көзқарасы бойынша, «әлеуметтік мемлекет қағидасының үш түсініктемесі бар: қоғамның дамуы үшін жауапты мемлекет ретінде; жеке тұлғаның басқа тұлғаға және қоғамға деген міндеттерінің орындалуын қамтамасыз ету; адамның лайықты өмір сүруіне жағдай жасау мақсатында игіліктерді әділ тарату идеясына негізделген» [4].

Әлеуметтік мемлекеттіліктің конституциялық сипаттамасын әр түрлі түсініктермен үйлестіріп, қысқа түрде берілуі заң шығарушыға ағымдағы заңдар арқылы оның мазмұнын толықтыру және конституциялық бақылау органдарына оны нақтылау мақсатында көп жұмыстар тудырды. Сонымен қатар конституцияларда кейін пайда болған мемлекеттің әлеуметтік сипатын анықтау үшін конституцияда бекітілген әлеуметтік-экономикалық құқықтар мен бостандықтар туралы нормалар маңызды қызмет атқарады. Сондықтан бұл құқықтар екінші буындағы құқықтар ретінде қарастырылады.

Қазіргі уақыттағы әлеуметтік-экономикалық жағдай Қазақстанда әлеуметтік мемлекеттілік қалыптасты деп айтуға мүмкіндік бермесе де, Республиканы әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырушы мен осы бағыттағы дайындалып, жүзеге асырылып жатқан шаралар азаматтардың, халықтың мүддесі мен сұранысы қоғамдағы өзгерістердің негізгі буыны екенін дәлелдейді. Өйткені қазіргі заман мемлекетінің ролі мен мәні адам және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын тану және қамтамасыз ету арқылы өз көрінісін табады. Сондықтан да Қазақстан Республикасының Конституциясында адам және азаматтың өмірі, құқықтары мен бостандықтары ең жоғары құндылық ретінде танылып, қоғамдық мүдделерін негізге ала отырып, ынтымақтастық пен қоғамдық бірлікті бекітті.

Адам және азаматтың құқықтық мәртебесінің жүйесі мен негізі — адам және азаматтардың құқықтары, бостандықтары және міндеттері. Қазіргі таңда мемлекеттің даму прогресінің міндетті көрсеткіші ретінде мемлекет қамтамасыз ететін «өмір сүру сапасы» немесе «адамзаттық өлшем» сияқты категориялар саналады. Жеке тұлғаның бостандығы, тиімді материалдық жағдай, шығармашылық тұрғыда өзін дамыту мүмкіндіктері, құқықтардың әрекет етуі — мемлекеттің даму прогресіне баға беретін негізгі көрсеткіштері. Осы көрсеткіштерге адам және азаматтардың әлеуметтік-экономикалық құқықтары жатады және осы құқықтар жеке тұлғаның меншік, еңбек қатынастары мен денсаулығына байланысты, демалыс, білімге деген қатынастарын реттеп, материалдық, рухани, табиғи қажеттіліктерін қамтамасыз етуге бағытталған. Әлеуметтік-экономикалық құқықтар ішінде әлеуметтік құқықтар адам өмірінде маңызды орын алып отыр.

Құқықтық әдебиеттерде көрсетілгендей, «азаматтық және саяси құқықтардың мәні рухани, әлеуметтік-экономикалық, саяси реттеуде мемлекеттің рөлін төмендету және жеке тұлғаға ерікті түрде таңдау құқығын беру болса, әлеуметтік-экономикалық құқықтар мемлекеттік бақылау аумағын кеңейтіп, қоғамға деген қамқоршылық рөлін арттырады» [5]. Қазіргі таңда бұл процесс тек ұлттық мемлекеттер шекарасында ғана емес, халықаралық деңгейде болып жатқан құбылыс.

Әлеуметтік мемлекеттілік қағидасының конституциялық тұрғыда бекітілуі әлеуметтік құқықтарды мазмұны жағынан әлеуметтік кепілдіктер мен жеңілдіктерді бекітетін заңдар арқылы нақтылаудан көрінеді. Жалпы алғанда, әлеуметтік құқықтар мемлекеттің әлеуметтік қызметінің негізінде жатыр және мемлекетті әлеуметтік қызметті жүзеге асыруға тұрақты міндеттеп отырады. Бірақ, екінші жағынан, әлеуметтік құқықтарды қамтамасыз ету мемлекеттің экономикалық дамуына бағынышты болғандықтан, шексіз бола алмайды.

Қазіргі таңда әлеуметтік құқықтардың конституциялық-құқықтық реттелу мәселесі қалыптасу және даму үстінде. Осындай жағдайдың болуы мемлекетте жүргізіліп жатқан әлеуметтік-экономикалық және құқықтық қайта құрулармен негізделеді. Бұл әлеуметтік құқықтарды қамтамасыз етілуінің кепілдігіне деген жаңа көзқарастардың туындауына себеп болып отыр.

Әлеуметтік қамсыздандыру құқығы көп жағдайда посткеңестік мемлекеттер кеңістігіндегі Конституцияларда нақты, толық бекітілген. Оған себеп кеңестік мемлекеттің маңызды қызметінің бірі — азаматтардың әлеуметтік-экономикалық құқықтарының басқа құқықтардан үстемдігі болатын. Қырғыз Республикасының Конституциясының 27-бабында басқа мемлекеттермен салыстырғанда

элеуметтік қамсыздандыру құқығын толық және айқын ашып көрсеткен: «1. Қырғыз Республикасының азаматтарына кәрілік жағдайында элеуметтік қамсыздандыру кепілденеді. 2. Зейнетақы, элеуметтік көмек қоғамның экономикалық мүмкіндіктеріне сәйкес заңмен бекітілген күнкөру деңгейінен төмен болмауы керек» [6]. Қырғыз Республикасының Конституциясынан байқағандай, элеуметтік қамсыздандыру, оның ішінде зейнетақымен қамсыздандыру құқығы мемлекеттің міндеті және мемлекеттің өз азаматтарына беретін негізгі кепілдік ретінде бекітіліп отыр. Конституциялық норма түріндегі осы кепілдіктер өзінің конструкциясына сәйкес адамның құқықтарынан гөрі, мемлекеттің міндетін білдіріп отыр. Қырғыз Республикасының Конституциясында элеуметтік қамсыздандыру құқығының бекітілуі тек азаматтарға бағытталған мазмұнға ие. Ал Әзербайжан Конституциясының 38-бабының 1-тармақшасында «әрқайсысы элеуметтік қамсыздандыру құқығына ие» делінген. Осы баптың 2-тармақшасында «мұқтаж тұлғаларға көмек беру бірінші кезекте отбасы мүшелерінің ең басты міндеті» [7] делінген. Конституцияда элеуметтік қамсыздандыру құқықтарын осылай бекітуі көп жағдайда салалық заңнама арқылы еркін реттеуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар Қырғыз Республикасымен салыстырған әр адамның құқығы ретінде белгілей отырып, элеуметтік жағдайға байланысты негізгі көмек отбасы мүшелерінің міндет ретінде бекітілуі мемлекет көмек көрсету міндетін от басы мүшелерімен бөлісіп отыр. Өзбекстан Конституциясы элеуметтік қамсыздандыру құқығын бекіту барысында Әзербайжанмен салыстырғанда нақтылайды, яғни Конституцияның 39-бабына сай «адам кәрі, еңбек ету қабілетінен, асыраушыдан айрылғанда және де заңмен көрсетілген басқа да жағдайларда элеуметтік қамсыздандыру құқығына ие. Зейнетақы мен жәрдемақылар ресми түрде бекітілген күнкөру деңгейінен төмен болмауы керек» [8]. Қазақстан Республикасының Конституциясы (28-бап) элеуметтік қамсыздандыру құқықты келесі түрде бекіткен «Қазақстан Республикасының азаматы жасына келген, науқастанған, мүгедек болған, асыраушысынан айырылған жағдайда және өзге де заңды негіздерде оған ең төменгі жалақы мен зейнетақының мөлшерінде элеуметтік қамсыздандырылуына кепілдік беріледі. Ерікті элеуметтік сақтандыру, элеуметтік қамсыздандырудың қосымша нысандарын жасау және қайырымдылық көтермеленіп отырады» [1]. Алдында айтып өткендей, Қазақстан Республикасында да зейнетақымен қамсыздандыру құқығын элеуметтік қамсыздандыру құқығы жүйесінің элементі ретінде бекіткен. Сонымен, жасаған талдауға сүйенсек, ТМД кеңістігіндегі мемлекеттер өз Конституцияларында зейнетақымен қамсыздандыру құқығын элеуметтік қамсыздандыру құқығының жүйесінің элементі ретінде бекітіп, конституциялық тұрғыда анықтама бермеген. Адам және азаматтардың зейнетақымен қамсыздандыру құқығы ерекше топтағы құқықтар болғандықтан және жүзеге асырылуы мен қорғалуы мемлекеттің элеуметтік-экономикалық дамуына тәуелді болу себебі бойынша салалық заңнамада бекітілуі қажет. Нарықтық экономикалық жағдайда зейнетақымен қамсыздандыру құқығын мемлекет тарапынан қамтамасыз ету көптеген қиыншылықтарды тудырады. Сол себептен бүгінгі таңда батыс және қазіргі ТМД елдері конституциялық деңгейде зейнетақымен қамсыздандыру құқығын бекітуден бас тартады.

Элеуметтік құқықтар мен олардың ішіндегі элеуметтік қамсыздандыру құқығының конституциялар мен теориялық тұрғыда жасалған талдауларға сүйене отырып, азаматтардың зейнетақымен қамсыздандыру құқығы деп мемлекетпен заңда бекітілген жағдайларға байланысты зейнеткердің қадір-қасиетіне, лайық өмір сүруге мүмкіндік беретін бұрынғы еңбек табысымен бірдей немесе еңбек қызметі ескерусіз зейнетақы тағайындалған жағдайда ұлттық заңнама мен халықаралық нормаларда бекітілген элеуметтік стандарттарға сай ай сайын ақшалай төлем (зейнетақы) алу құқығын атаймыз.

Қазақстан Республикасының Конституциясы мемлекетті элеуметтік мемлекет ретінде даму бағытын анықтап, элеуметтік қамсыздандыру заңдылығында өзгерістердің болуын және осы саладағы заңнаманың экономикалық өзгерістерге сай дамып отыруын талап етеді. Элеуметтік қамсыздандыру құқығының конституцияда бекітілуі бұл нормалардың конституцияда бекітілген басқа топтағы нормалармен салыстырғанда тікелей әрекет ету механизмінің жоқтығында. Конституциялық норма мемлекеттің кепілдігін ғана бекітіп отыр, ал Қазақстан азаматтарының басқа мемлекеттермен салыстырған аталмыш құқықты қорғау жолдары күрделірек. Оның ішінде мемлекетіміздегі элеуметтік қамсыздандыру заңдылығының күрделі, кең ауқымды болуына және жиі өзгеруіне байланысты мемлекеттің берген кепілін де жүзеге асыру белгілі бір қиыншылықтар тудыртады.

«Қазақстан Республикасының азаматы жасына келген, науқастанған, мүгедек болған, асыраушысынан айырылған жағдайда және өзге де заңды негіздерде оған ең төменгі жалақы мен

зейнетақының мөлшерінде әлеуметтік қамсыздандырылуына кепілдік беріледі». Конституцияның 28-бабының 1-тармақшасындағы «әлеуметтік қамсыздандыруға кепілдік беріледі» құқықтық жағынан нақты тұжырымдама бермейді, сондықтан адам және азаматтардың әлеуметтік қамсыздандыру құқығын нақтылау мақсатында осы бапта мемлекет кепілдігінің орнына әлеуметтік қамсыздандырудың әр түрлі нысандарына құқығы бар деп бекіткен жөн болар еді.

Жалпыға бірдей адам құқықтары туралы Декларациядағы (22-бап) бекітілген нормалардың ҚР Конституциясында нақты көрініс алмауы нарықты экономиканың қатаң талаптарының болуымен негізделеді [9]. Бірақ Қазақстан Республикасының Конституциясында және басқа да ТМД елдерінің Конституцияларында көрсетілгендей, мемлекеттер әлеуметтік қамсыздандырудың қосымша әдістері ретінде әлеуметтік сақтандыру түрлерін қолдану ұсынылады. Дегенмен, Қазақстан Республикасының Конституциясы әлеуметтік қамсыздандыру құқығын бекіткен уақытта ең төменгі жалақы мен зейнетақы көлеміне сәйкес әлеуметтік қамсыздандыру құқығының бекітілуі мемлекет тарапынан ең төменгі күнкөріс деңгейін бекітетін қосымша құқықтық құжат болуына негіз беріп отыр. Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында ең төменгі күнкөріс деңгейін бекітетін құжат ретінде Қазақстан Республикасының «Ең төменгі күнкөріс туралы» 1999 жылғы 16 қарашада қабылдаған заңымен және Республикалық бюджет туралы 3 жыл сайын қабылданып, орындалу барысында өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп отыратын заң саналады [10].

Қазақстан Республикасы әлеуметтік бағыттағы нарықты экономиканы және әлеуметтік мемлекеттілікті қалыптастыру үстінде адам және азаматтардың әлеуметтік құқықтарын, оның ішінде зейнетақымен қамсыздандыру құқығын қазіргі заман талаптарына сай, халықаралық стандарттарына сәйкестендіріп, қамтамасыз ету механизмдерін қалыптастыруы қажет.

Тарихи жағынан адам құқықтары әр мемлекеттің жедел шешуді талап ететін мәселе ғана емес, сонымен бірге территориялық және идеологиялық ерекшелігіне қарамастан, дүние жүзіндегі маңызды оқиғалар қатарына жатады және олар дүниежүзілік қауымдастықтың дамуында өз ізін қалдырып отырады.

Қазіргі уақытта әлеуметтік-экономикалық құқықтар адам және азаматтардың құқықтық мәртебесін бекітуде маңызды қызмет атқарып отыр. Әлеуметтік-экономикалық құқықтар адамның қадір-қасиетіне сай өмір сүру жағдайын және әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз етіп береді. Әлеуметтік қамсыздандыру құқығы және оның ішіне кіретін зейнетақымен қамсыздандыру құқығы әлеуметтік, экономикалық құқықтар жүйесінің негізін қалайтын құқық ретінде қалыптасқаны туралы айтуға болады. Көптеген уақыттан бері қоғамда әлеуметтік теңдік, әділдік идеялары қалыптасып, мемлекеттің құқықтық, әлеуметтік мемлекет ретінде қалыптасуына негіз қалады. Қазіргі уақытта зейнетақымен қамтамасыз ету саласында егде жастағы адамдардың құқықтары толығымен реттелуде. Бірақ та жүргізіліп отырған зейнетақы реформасына байланысты біздің мемлекетіміздің басым міндеттерінің бірі болып табылатын азаматтарды қартайған шақта лайықты қамтамасыз ету құқықтарын іске асыру бөлігінде туындап жатқан проблемалық мәселелер аз емес.

Өзінің экономикалық мәні бойынша зейнетақы екіжақты сипатқа ие екендігі белгілі:

- бір жағынан, ол кедейшілік азайту мен қайыршылықты болдырмауға, яғни кірістің ең аз кепілдендірілген деңгейімен қамтамасыз етуге, бағытталған;
- екінші жақтан, ол жұмсалған табыстың орнын толтыруға және жалақының орнын басатын баламалы жеке коэффициентпен қамтамасыз етуге бейімделген.

Әр елде әлеуметтік қамтамасыз ету жүйесі пайда болған кезде, әдеттегідей осы мақсаттардың біріне жетуге бағдар алынған. Жалпы сипаттағы жүйелер, көбінесе жаппай кепілді, ең төменгі көрсеткішті қамтамасыз етуге, ал жекелеген кәсіптік топтарды ерекше қамтитын әлеуметтік сақтандыру жүйелері — жоғалтқан еңбекақыны өтеуге бағытталған, онда олар көбінесе кедейліктің алдын алу функциясын, атап айтқанда, әлеуметтік көмек көрсетуді басқа институттарға қалдырады. Зейнетақымен қамтамасыз етуді дамыту барысында осы екі мақсаттың конвергенциялануы орын алды: жалпы жүйелер сақтандыру жүйелерімен толықтырылды, ал сақтандыру жүйелері ең төменгі кепілдіктерді қамтамасыз ету туралы ережелерді қамти бастады.

1998 жылғы 1 қаңтарға дейін республикада зейнетақы жүйесі толық қызмет етті. Зейнетақы көлемі еңбекақының 50 % есебінен белгіленді және соңғы жұмыс істеген он жылының 5 жылғы жұмыс өтіліне және еңбекақысына байланысты болды. Зейнетақыға әйелдер 55, ерлер 60 жаста шығатын. Бірақ қайта құру процесінің дағдарысы зейнетақы жүйесін күйреуге дейін әкеп соқты да ұрпақтардың «ортақтас» қағидасына негізделген зейнетақымен қамтамасыз етудің бөліп беру жүйесінің сәйкессіздігін айқындады.

«Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамтамасыз ету туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 20 маусымдағы Заңымен зейнетақы реформасы басталды, нәтижесінде 3 қосарлас зейнетақы жүйесі қызмет ете бастады, атап айтқанда:

- толық ортақтас жүйе — 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін зейнеткер жасында болғандар үшін;
- аралас жүйе — зейнетақы жоғарыда аталған күннен кейін белгіленген және осы уақытта белгіленетін зейнеткерлер үшін;
- жинақтау жүйесі 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін жұмыс өтілі болмаған (немесе жарты жылдан кем болған) адамдар үшін [11].

Бірақта Қазақстан Республикасының зейнетақы жүйесінің жұмысында кездесетін өзекті мәселелер осы бағытта шет елдердің зейнетақы жүйелерінің қалыптасуы мен олардағы қайта құру жүргізудің ерекшеліктеріне талдау жасауды талап етеді.

Дүниежүзілік тәжірибеде кәрілікке байланысты мемлекет төлейтін зейнетақы — индустриализацияның өнімі ретінде әрекет етті. Индустриализация кезеңіне дейін кәрі адамдарға деген қамқорлық жастардың міндеті ретінде қарастырылатын және олардың барлығы жеке жинақтарға негізделген болатын (осы қағида зейнетақыны қаржыландырудың алғашқы моделінің негізін қалыптастырды.)

Жасқа байланысты жеке секторда әрекет ететін тұрғындарды зейнетақымен қамтамасыз ету алғашқы рет Германияда енгізілді. Онда зейнетақы жүйенің өзіндік сипаты ретінде әлеуметтік сақтандыруға негізделуі мен осы сақтандыру түрінің және төлемдердің міндеттілігімен ерекшеленді. Жұмыскерлерде жұмыс берушілерде сақтандыру қорының қаржыландырылуына өздерінің үлестерін қосу міндетті еді. Германияда енгізілген зейнетақылық жүйе алғашқы гильдиялармен жұмысшы бірлестіктерімен ұйымдастырған ерікті түрдегі ақысыз көмек көрсету қорларға негізделді. Зейнетақы алуға деген құқық алдында төленген жарналарға негізделіп туындап отырды. Осы кезеңдерде Дания (1891) мен Жаңа Зеландия (1898) кедейлерге мақсатты көмек көрсету негізінде әрекет ететін зейнетақы жүйесін қалыптастырды. Германияның зейнетақы жүйесінен ерекшелігі, ол жалпы салықтық түсімдер арқылы қаржыландырылып, кедейлік туралы заңдарға негізделді [12].

Германиядағы алғашқы зейнетақымен қамтамасыз ету жүйесі Отто Бисмаркпен 100 жылдан астам уақыт бұрын енгізілген болатын (1883 ж. бастап денсаулыққа байланысты, 1884 жылдан бастап денсаулығына зақым келген жағдайда, 1889 жылдан бастап кәрілік жағдайына байланысты). Осы жүйе барлық жұмысшылар мен өндірістік қызметкерлерді қамтып, азаматтардың зейнетақыға шығуына 70 жас мерзімін бекітті. Зейнетақымен қамтамасыз етудің осы жүйесі міндетті әлеуметтік сақтандыруға негізделіп, міндетті сақтандырған тұлғалар зейнетақыны ұзақ уақыт жұмысқа жарамсыз болған және 70 жасқа келген жағдайда зейнетақы алу құқығына ие болатын. Сонымен бірге алғашқы зейнетақымен қамтамасыз ету жүйесінде жынысқа байланысты айырмашылықтар жүргізілмеген.

Зейнетақымен қамтамасыз ету жүйесін енгізуде Бисмарк саяси мүддені көздегендіктен, әлеуметтік сақтандыруды негізінен мемлекеттің мойнына жүктеп, зейнетақы қорларына тікелей төлемдерді төлетуге қарсы болды. Бірақта бұл зейнетақының көлемі әлеуметтік сақтандырылған, зейнетақыға шыққан тұрғындардың лайықты өмір сүру деңгейін қамтамасыз ете алмады, көп жағдайда осы зейнетақылар өлмей күн көруге деп берген қаражат сияқты сипатқа ие болды. 1900 жылы Германияда мүгедектік жағдай және 60 жасқа толуға байланысты зейнетақыны алушылардың саны жалпы 60 жасқа толған халықтың санмен салыстырғанда 14% ғана қалыптастырды. Зейнетақымен қамсыздандыруда осындай жағдайдың қалыптасуы сол уақыттағы адамның өмір сүру ұзақтығы ер адамдар үшін 40,6 жасты қалыптастырса, әйелдер үшін 44 жасты құрды. Сондықтан зейнетақымен қамтамасыз етілетін адамдардың көп бөлігі мүгедектік жағдайға байланысты зейнетақы алып отырды. Ал зейнеткерлік жас заңнамаға сәйкес 70 жасты қалыптастырғанда көпшілік зейнеткерлер зейнеткерлік жасқа жетпеді. Ал 1913 жылы шенеуніктер үшін басқа тұлғалармен салыстырғанда әлеуметтік зейнетақы бойынша сақтандырудың тиімді жеке жүйесі қалыптастырылды. Келесі он жылдың ішінде жұмыс істеп жатқан зейнетақы жүйе өзгерістерге ұшырады. Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін және соғыстан кейінгі инфляция әлеуметтік сақтандыру жүйесінде елеулі өзгерістер тудырты [12]. Бұл өзгерістер зейнетақымен қамтамасыз етілетін тұрғындар санын көбейтумен және зейнеткерлік жасты 65 жасқа дейін төмендетуге байланысты болды. Сонымен қатар 1925–1945 жылдар арасында адамдардың өмір сүру мерзімі жоғарлады. 1945 жылы Германияда зейнетақымен қамтамасыз ету жүйесіне реформа жүргізу мақсатында зейнетақымен қамтамасыз ету жүйенің негізі — Империялық сақтандыру ведомствосы

таратылды. Германиядағы зейнетақымен қамтамасыз ету идеясы басқа Еуропа елдеріне де тарады және де неміс зейнетақы жүйесін басқа мемлекеттердің жүйелерінің негізгі үлгісі ретінде қарастырылды. Реформалар нәтижесінде мемлекеттік қызметкерлер мен басқа жұмысбастылықпен қамтамасыз етілген тұлғалардың арасындағы зейнетақыны есептеуге, көлеміне байланысты айырмашылық жойылып, міндетті сақтандырудан жеке кәсіпкерлер, фермерлер және творчестволық салада қызмет жасайтын тұрғындар босатылды. Бұл категориядағы адамдар өздерінің әлеуметтік қатерлерін болдырмау жағдайларын, қаржыландыру мәселесін еркін түрде шешулері қажет. Бірақ аталмыш категориядағы тұрғындар жалпы сақтандыру қорында жинақталған ақша қаражаттар есебінен зейнетақы алу құқығынан айрылатын болды.

Неміс зейнетақы жүйесі үлестіру немесе жастар кәрілердің арасындағы ынтымақтастық жүйесіне негізделіп қалыптастырылған, яғни жұмыс істейтін тұлға жалақысының бір бөлігін әлеуметтік бағдарламаларды жүзеге асыруға төлеп, зейнеткерлерді қаржыландырудың қаржылық негізі қалыптастырады. Ал өкімет жастарға зейнеткерлік жасқа келгенде олардың кірістерінің болатынына кепілдік береді. Бұл жүйенің ерекшелігі, болашақ төлемдерге деген ақша-қаражаттар жиналмайды, тек үлестіру үрдісі арқылы, жастардан зейнеткерлерге бөлінетін трансферт түрінде әрекет етті. Осы жүйе әлеуметтік теңдік қағидаттарының көрінісін білдіреді. Зейнетақы жүйенің осы түрінің артықшылығы болып зейнеткерлер арасындағы жоқшылықтың едәуір төмендеуіне негіз болады, алайда зейнетақыны алатындардың саны ұлғайуына байланысты міндетті әлеуметтік төлемдер мен салықтық ауыртпашылықта ұлғая береді.

Германияның зейнетақымен қамтамасыз ету моделіне негізделіп, Еуропа, одан кейін АҚШ өздерінің жүйелерін қалыптастырды. Бұл жүйеде мемлекеттік әлеуметтік қамсыздандыру басымдылыққа ие, сондықтан кәрілікке байланысты мемлекеттік зейнетақы сақталып, оны алуға мемлекеттің барлық азаматтарының құқықтары бекітілген.

Өткен ғасырдың 80–90-жылдары Швеция басқа мемлекеттерден өзінің экономикалық және әлеуметтік жетістіктерімен ерекшеленіп отырды. Оның ішінде әлеуметтік салада көрсететін қызметі кеңейген болатын. Швецияда алғашқы зейнетақыны бекітуге байланысты Халықтар (негізгі) зейнетақысы туралы Заң 1913 жылы қабылданған болатын және зейнетақымен қамтамасыз ету сақтандыруға негізделген болатын. Осы заңға сәйкес әр жеке тұлғаға төлем зейнетақы жеке дара жұмысшының табысына байланысты есептеліп отырылды. Бірақ өткен ғасырдың 30-жылдарында өткен «ұлы дағдарыс» уақытында бұл жүйе мемлекеттің қолдауынсыз әрекет ете алмады. 1935 жылы риксдагпен жаңа заң қабылданды және 1945 жылға қарай зейнетақымен елдің түгел тұрғындары қамтылатын болды. 1951 жылдан бастап зейнетақы өмір сүру деңгейінің ұлғаюымен бастап көбейтіліп отырылды. Оны мемлекет зейнеткерлерге әр түрлі әлеуметтік көмек беру арқылы ұлғайту мүмкіндігіне ие болды. 1959 жылы әлеумет-демократтар партиясы риксдагта Жалпыға бірдей қосымша зейнетақы туралы Заңды енгізіп, оның референдум арқылы қабылдануына ықпал етті. Аталмыш заң 1960 жылы күшіне еніп, 80-жылдардың басында бар күшімен жұмыс істей бастады [13]. Бірақ экономикадағы болып жатқан өзгерістер 1999 жылы Швецияның жаңа зейнетақы моделіне көшуіне негіз болды. Жаңа жүйеге сай зейнетақы үш бөліктен қалыптасты: шартты жинақтау, жинақтау, кепілденген. Осы жүйенің қағидалары басқа да нарықты экономикасы дамыған елдердің зейнетақы жүйесінде қолданылды.

Қазақстан Республикасы өзінің жаңа зейнетақы жүйесін қалыптастыруда Чилидің жүйесін негізге алды. Бірақта Чили мен Қазақстан Республикасының зейнетақы жүйелерінің әрекет етуінде өзіндік ерекшеліктер бар. Чилиде 1981 жылы зейнетақының үлестіру жүйесі толық жинақтау жүйесіне ауыстырылды. Чилидің жаңа зейнетақы жүйесіне ауысуына сол уақытта мемлекеттің фискалды саясатына әсер еткен қаржылық мәселелер болды. Мемлекет бюджетінде осы уақытта зейнеткерлерге зейнетақы төлеу үшін мүлдем қаражат болмады, сондықтан зейнетақы жүйесінде жекешелендіру процедурасы қаржылық дағдарыстан шығуды қамтамасыз ететін мемлекеттің тиімді шешімі болып келді. Чилидегі зейнетақы жүйесіндегі жекешелендіру өткен ғасырдың 70-жылдарынан басталып 90-жылдары аяқталды. Чилиден кейін басқа да Латын Америка мемлекеттері мемлекеттік зейнетақы жүйелерін жекешелендіру процесіне көшті. Бірақ толық жекешелендіруді тек Чили, Мексика, Боливия, Сальвадорда ғана өткізілді [14]. Зейнетақы жүйесіндегі қайта құруларды өткізген уақытта Чилиде алғашқы уақытта жұмыспен қамтамасыз етілген тұрғындарда мемлекеттік немесе жеке меншік зейнетақы жүйелерінің арасында таңдау мүмкіндіктері болатын, кейін зейнетақы жүйенің толық жинақтай жүйесіне ауысуы елдің азаматтарын ондай мүмкіндіктерден айырды.

Чилидің зейнетақы жүйесінің моделі өте қарапайым. Зейнетақыны жинақтау міндеті жеке тұлғаның өз міндетіне жүктеліп, болашақта игілікті өмір сүру құқығы үшін жауапкершілік өзі жауап беретіндей жүйе болып келеді. Чилидің жинақтау жүйесі жұмысбастыларға міндетті болып келсе, өздерінің жұмысбастылығын қамтамасыз ететіндерге ерікті болып келеді. Әр жұмысбасты жеке тұлғада зейнетақы қорында дербес шот ашылып, ай сайын жалақысынан 10 % шотқа қаражат аударылып отырылады. Сонымен қатар жұмысберушілер өздерінің қызметкерлерінің дербес шоттарына сақтандыру сомаларын енгізіп отыруға құқықтары бар және де осы сомалар өндірістік шығындар ретінде қарастырылып, салықтардан босатылады.

Өкіметтің зейнетақы жүйесіндегі атқаратын рөлі жүйені реттеуші, қаржылық кепілдігі және бақылаушы қызметін жүзеге асыруда өз көрінісін тауып отырады. Қазақстан Республикасымен салыстырғанда Чилиде зейнетақы қорына салымды салушы тұлға ақша қаражатты басқаратын жеке компанияны таңдайды. Чилиде бастапқы уақытта бәсеке негізде ашық түрдегі зейнетақы қорларын басқаратын компаниялар рыногы әрекет ететін. Реформаның басында 11 компания болса, кейін олардың саны 23-ке көбейді. Қазіргі уақытта ондай компаниялар қысқарып, тек 6 ғана қалды [14]. Чилидің зейнетақы жүйесінде мемлекеттің қатысуы барынша кеңейтіліп, зейнетақы қорларының әрекет етуіндегі қатерлер бойынша мемлекет жауаптылығы күшейтілген. Мемлекет сақтандыру компаниясының банкроттық жағдайында қормен төленбеген табыстарды (орташа соңғы 3 жылғы) өтеу міндетін өз мойнына алады. Чилидің зейнетақы жүйесінің ерекшелігі ретінде жеке салымшының құқықтары кеңірек бекітілген. Мемлекет азаматы жинақталған қаражатының соңғы 10 жылдағы табыс көлемінің 75 % астам құратын болған жағдайда, ерте зейнеткерлікке шығуға құқығы бар. Сонымен бірге арнайы категориядағы жұмысшыларға бөлек жеңілдіктер беріліп отырылады. Бұл Қазақстан Республикасының зейнетақы жүйесінен ерекшелендіретін норма болып келеді. Зейнетақы жүйесіндегі зейнетақы жинақтаушы қорынан зейнетақыны алу тәртібін таңдау жағдайында да Чилидің жүйесінде ерекшеліктер бар. Зейнеткерлік жасқа келгенде салымшы қорға келіп болашақта қызметті зейнетақы қорынан ба, жоқ әлде сақтандыру компаниясынан алғысы келетінін жасырын анықтауға болады. Зейнетақы қоры электрондық түрде тек салымшының жинақтаған қаражаты және жасы туралы ақпарат береді, басқа қорлар мен сақтандыру компаниялары өздерінің ұсынысын жібереді. Ал зейнеткер осылардың ішінде өзіне тиімді жағдайды таңдап алуға мүмкіндік алады. Бұл жағдай азаматтардың жеке салымдардың құпиялық конституциялық қағидасын қорғауға мүмкіндік береді және өз меншігін зейнеткерлік жаста өз еркімен басқару құқығының жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді.

Сонымен қатар Чилидің зейнетақы жүйесінің әрекет етуі осы бағытта кездесетін ақаулықтарды да анықтады. Осы ақаулықтардың ең маңыздысы зейнетақы қорларының әкімшілігінің қызмет көрсету бағасының жоғары болуы. Сонымен қатар зейнетақы жинақтау жүйесінің тиімді жұмыс істеуіне тұрғындардың кедейшілігі үлкен әсер етіп отырады. Жұмыссыздық пен кедейлік қорларға ақша төлеуден жалғару жағдайларының пайда болуына себеп болып отыр. Аталған жағдайлар Латын Америка мемлекеттері зейнетақы жүйесіндегі қайта құрулардың екінші толқынын өткізді (Аргентина, Колумбия, Перу, Уругвай). Осы мемлекеттер өздеріндегі үлестіру немесе бөлу жүйесін қалдыра отырып, қосымша көмек ретінде жинақтау жүйесін енгізді. Сонымен бұл мемлекеттерде аралас зейнетақы жүйесі қалыптасты. Жұмыспен қамтамасыз етілген тұлғалар екі жүйенің біреуінде қалуды таңдау мүмкіндігі және бір жүйеден екінші жүйеге ауысу құқығы бекітіліп, конституциялық құқыққа кепілдік беріп отыр.

Латынамерикалық зейнетақылық қайта құрулардың нәтижелігіне баға беру үшін олардың екі үлкен ерекшелігін атап өту керек. Біріншіден, өкіметтің ескі үлестіру жүйенің зейнетақыға байланысты міндеттемесін тану, жеке зейнетақы қорларының қызметінің сәтсіздікке ұшырауы жағдайында мемлекет тарапынан ең төменгі зейнетақыға кепілдік беру және жаңа жүйеге қосыларда салымшылардың көтеретін ауыртпашылығын әр түрлі нысандарда өтеу жолдарын бекіту болып саналды. Екінші ерекшелігі болып зейнетақы қаражаттарының қолдануын мемлекет тарапынан қатаң бақылауға алуы.

Чилидегі және одан кейін қосылған Латын Америка мемлекеттерінің зейнетақы жүйелеріндегі қайта құрулар (реформа) мемлекет пен саясаттың зейнетақы жүйесіне жасайтын ықпалынан айыру болып саналады. Бұрынғы жүйеге сай мемлекет зейнетақының шектері мен оларды индексация жүргізуде көрініс тауып отыратын. Реформа нәтижесінде саясат расыменен зейнетақының көлеміне әсер ету мүмкіндігінен айырылып қалды. Бірақ жинақтау жүйенің әрекет етуінде де мемлекеттің ықпалы әлі қалып отыр. Өйткені зейнетақы қорларының қызметтері тиімсіз болса, мемлекет

тарапынан зейнетақы беріліп отырады. Оның ішінде ең төменгі зейнетақыға тек 20 жылдан астам уақыт қорға жарна төлеп отырған жеке тұлға ғана ие бола алады [14].

Қазақстан — халықты әлеуметтік қамсыздандыру реформасын жүзеге асырған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерінің ішіндегі алғашқы ел. Халықты әлеуметтік қамсыздандыру жүйесін қайта құру Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 12 мамырдағы № 819 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру жүйесін реформалау тұжырымдамасына сәйкес жүзеге асырылды [15].

Зейнетақы реформасының басты стратегиялық бағыты ұрпақтар сабақтастығына негізделген әлеуметтік қамсыздандырудың жүйесінен жинақтаушы зейнетақы қорларында дербес зейнетақы жинақтауды көздейтін жинақтаушы зейнетақы жүйесіне біртіндеп көшуі болды. Реформа жүргізу сәтінен қазіргі уақытқа дейінгі жинақтаушы зейнетақы жүйесінің негізгі қағидаттары:

- зейнетақы жүйесін мемлекеттік реттеу;
- зейнетақы жинақталымын қалыптастыру үшін азаматтарға жинақтаушы зейнетақы қорларын таңдау құқығын қамтамасыз ету;
- азаматтарға белгіленген ең төменгі зейнетақыны қамтамасыз ету жөніндегі тікелей мемлекеттік кепілдіктер;
- зейнетақыны және әлеуметтік қамсыздандырудың басқа да нысандарын ажырату;
- еңбек етуге қабілетті жастағы әрбір азаматтың жинақталған зейнетақы жинақталымын қалыптастыруға міндетті түрде қатысуы;
- еңбек етуге қабілетті азаматтардың қартайғанда өздерін зейнетақымен қамтамасыз етуге жеке жауапкершілігі;
- халықтың жинақтаушы зейнетақы қорларындағы ақшасының қауіпсіздігін және сақталуын ұштастырып, зейнетақы жинақталымдарын инвестициялаудың тиімділігі;
- азаматтардың жинақтаушы зейнетақы қорларындағы жинақтарды мұраға алу құқығын қамтамасыз ету;
- әрбір азаматтың қосымша ерікті зейнетақымен қамсыздандырылуға құқығы;
- азаматтардың зейнетақы жинақтарын инвестициялау арқылы экономикаға үлес қосуы болып табылады [15].

«ҚР зейнетақымен қамсыздандыру туралы» ҚР Заңының енгізілуімен 1998 жылдан өз есебін бастаған жинақтаушы зейнетақы жүйесі, құрылған құқықтық инфрақұрылым арқасында, қазіргі заманғы даму кезеңінде өзінің қарқынды өсуін бастан кешіп отыр.

Бұдан басқа, жинақтаушы зейнетақы жүйесін мемлекеттік әлеуметтік-экономикалық саясаттың бір бөлігі ретінде дамытудың негізгі басымдықтарын айқындау және мемлекеттік органдардың осы саладағы орташа мерзімді перспективаға күш-жігерін үйлестіру қажеттілігі мемлекет тарапынан арнайы бағдарламаны дайындау қажеттілігін белгіледі.

Чилилік модельдегі сияқты, қазақстандық модельде де табыстың тым төмендігі үшін қор мен компанияны басқарушыларды жазалау қарастырылған. Бірақ, қандай жағдайда да жүйеге қатысушы зейнеткерлікке шыққанда, мемлекет ол салған жарналарды басшылыққа ала отырып және жинақталған инфляцияны ескере отырып, оның зейнетақы алуына кепілдік береді. Чилиде инвестициялау саясатының шектен тыс тәуекелшілдігін көрсететін басы артық жоғары табыстылық та жазаланады. Олардың жағдайында артық қаржы арнаулы резервтік қорға аударылады.

Дүние жүзіндегі зейнетақы жүйелерінің модельдеріне талдау жасай отырып, жинақтау зейнетақы жүйесінің келесі ерекшеліктерін атап көрсетуге болады.

Жинақтау жүйесі үлестіру жүйемен салыстырғанда келесі басымдылыққа ие:

- зейнетақының көлемі тікелей жиналған ақша қаражаттардың қаржылық салым ретінде салған нәтижесіне бағынышты, осы жағдайда салымшылардың өз жинақтарына деген бақылау ұлғаяды;
- жинақтау жүйенің қатысушылары мемлекет тарапынан ақша-қаражаттарды бөлген уақыттарда пайда болатын саяси қатерлерден жақсы қорғалған;
- табыстардың толық көрсетілуіне ынталандырады, азаматтар жұмыс берушінің толық көлемде зейнетақы төлемдерін аударылып отырғанына мүдделі және жұмыс берушінің жалақыны заңға сәйкес төлегендеріне мүдделі;
- мемлекеттің экономикасында ұзақ мерзімді инвестициялар жасауға қаражаттар пайда болады.

Сонымен қатар жинақтау зейнетақылық жүйеде осы жүйеге тән проблемалар да кездеседі. Оларға:

- тұрғындардан зейнетақы қорларының әрекет ету тәсілдері, қаржылық құралдар туралы ақпаратқа ие болып отыру талабы қойылады;
- жинақтау жүйе ұйымдастырушылық жағынан өте күрделі болып келгендіктен, нақты және реттеуді талап етеді;
- жинақтау зейнетақы жүйесінде нақты қатысушылардың жинақтаған қаражаты төмен болуы мүмкін немесе жинақтаған қаражаттар сәтсіз инвестициялық шешімдердің нәтижесінде азайып қалуы мүмкін.

XX ғасырдың аяғында тек бес мемлекет қана (Чили, Боливия, Сальвадор, Мексика және Қазақстан) толық үлестіру зейнетақылық жүйеден бас тартып, таза жинақтау жүйеге көшті. Көптеген мемлекеттер аралас, көп деңгейлі өзінің құрамына жинақтау да үлестіру жүйесін қамтыған зейнетақы жүйесін қалыптастырды (Швеция, Германия, Польша, Ұлыбритания).

Сонымен, әр мемлекеттерде әрекет еткен жинақтау жүйесінде, үлестіру жүйесінде тиімді және тиімсіз жақтары да кездеседі. Екі жүйенің біреуін де қазіргі замандағы зейнетақы саясатының негізгі мақсаттарына жетуге мүмкіндік беретін жүйе ретінде тиімді деп тануға болмайды.

Нарықты экономикасы дамыған мемлекеттердің көбі зейнетақы жүйені диверсификациялау арқылы, әр түрлі модельдерді қолдану арқылы зейнетақы жүйесіндегі проблемаларды шешу жолдарын тапты. Яғни

1) міндетті мемлекеттік жүйе — әр түрлі жастаға тұлғалар арасындағы үлестіру арқылы. Бұл жүйенің мақсаты — зейнеткерлер арасында кедейлікті алдын алу және қысқарту;

2) міндетті жинақтау жүйе, осы жүйеге сәйкес зейнеткердің зейнетақысының көлемі жеке шотта жинақталған қаражаттар мен инвестициялық табысқа байланысты болады. Ол жалпы орталықтандырылған және мемлекеттің басқаруында болуы мүмкін, сонымен қатар жеке басқарудағы шоттар болуы мүмкін;

3) ерікті түрдегі жеке сақтандыру.

Көп деңгейлі жүйе көптеген қатерлерден сақтандырады, әсіресе экономика мен саясаттың тұрақсыздығынан, басқару жүйесіндегі диверсификация жүргізу, қаржыландыру көздерінен, инвестициялық стратегияларды жүзеге асыру арқылы сақтандыруды қамтамасыз етеді.

Әдебиеттер тізімі

1. ҚР Конституциясы. — Алматы: Юрист, 2009. — 3-б.
2. Кубеев Е.К. Конституционный строй Республики Казахстан (социальные и духовные аспекты). — Караганда, 1998. — С. 3–7.
3. Гончаров П.К. Социальное государство: сущность и принципы // Вестн. Российского ун-та дружбы народов. Сер. Политология. — № 2. — М., 2000.
4. Медушевский А.Н. Сравнительное конституционное право и политические институты: Курс лекций. — М.: ГУ «ВШЭ», 2002. — С. 373.
5. Михайловская И. Генезис социально-экономических прав и их влияние на формирование посттоталитарных систем // Конституционное право: восточноевропейское обозрение. — № 1 (30). — М., 2000. — С. 147.
6. Конституция Кыргызской Республики // Информационно-правовая система (ИПС) «Законодательство стран СНГ».
7. Конституция Азербайджанской Республики // ИПС «Законодательство стран СНГ».
8. Конституция Узбекской Республики // ИПС «Законодательство стран СНГ».
9. Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы // wikisource.org
10. Ең төменгі күнкөріс туралы 1999 жылғы 16 қарашада қабылдаған Заңы // www.zakon.kz
11. Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамтамасыз ету туралы Заңы // www.zakon.kz
12. Федотов А.И. История возникновения пенсионных систем в зарубежных странах / Научные исследования / Научные работы сотрудников / www.cognitive.ru
13. Волков А.М. Швеция: социально-экономическая модель. — М., 1991. — С. 121.
14. Хосе Пиньера. Шанс для трудящихся: приватизация социального обеспечения в Чили // The Cato Journal. — Vol. 15. — № 2 / Пер. с англ. к.э.н. Ю.В.Кузнецова / Под ред. к.э.н. Гр.Сапова www.sarov.ru/
15. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 12 мамырдағы № 819 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру жүйесін реформалау тұжырымдамасы // www.zakon.kz.